

АЗЫҚ-ТҮЛІК ҚАУІПСІЗДІК МЕНДЕЖМЕНТ БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІНІҢ САЯСАТЫ

«Eurasian Foods Corporation» АҚ, Қазақстан мен Орталық Азия елдерінің жарты ғасырлық тарихы бар тамақ өнеркәсібіндегі жетекші және маңызды кәсіпорындарының бірі. Жоғары сапалы май өнімдері мен «3 желания» сауда маркасының өнімдерін өндіруде үлкен тәжірибеге ие бола отырып, табыстың оңай келмейтіндігін түсінеміз. Бұл біздің қызметімізді үнемі жетілдірудің нәтижесі.

Қоғам мен тұтынушыларымыз алдындағы жауапкершілігімізді түсіне отырып, біз Компанияның бәсекеге қабілеттілігі мен тұрақты дамуын қамтамасыз ету үшін біз өндіретін барлық өнімдердің азық-түлік қауіпсіздігін арттырудың стратегиялық мақсатын көреміз.

Алға қойылған мақсатқа жету үшін «Eurasian Foods Corporation» АҚ басшылығы өзіне мынадай міндеттемелерді қабылдайды:

- тамақ қауіпсіздігі мәселелері бойынша барлық мүдделі тараптармен ішкі және сыртқы байланыстарды қамтамасыз ету;
- «Eurasian Foods Corporation» АҚ қызметіне қолданылатын барлық тамақ қауіпсіздігі талаптарының, соның ішінде:
 - Қазақстан Республикасының заңнамалық-нормативтік талаптары;
 - ерікті сақтауға қабылданған талаптар;
 - тапсырыс берушілермен және тұтынушылармен өзара келісілген талаптар сақталуын қамтамасыз ету.
- «Eurasian Foods Corporation» АҚ қызметкерлерінің барлық деңгейдегі тамақ қауіпсіздігі мәселелері жөніндегі құзыреттілігі мен хабардарлығын арттыру бойынша авариялық ден қою бойынша нұсқаулықтар, оқыту және жаттығулар өткізу арқылы тұрақты жұмысты жүзеге асыру;
- жетекшілердің көшбасшылығын және қызметкерлердің мүмкіндіктерін қолдау және дамыту;
- азық-түлік қауіпсіздігі менеджменті жүйесін (АТҚМЖ) сақтау және үнемі жақсарту үшін қажетті ресурстарды бөлу, оның ішінде тұрақты жоғары сапалы қауіпсіз өнім өндіру үшін жағдайларды қамтамасыз ету;
- тәуекелдерді, тағамдық қауіптерді және мүмкіндіктерді басқаруды қамтамасыз ету және оларды азық-түлік қауіпсіздігі мақсаттарын қою кезінде ескеру;
- тамақ өнімдерінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін персоналдың міндеттері мен жауапкершілігін нақты бөлуді ұйымдастыру;
- басқару және өндірістік процестерді дамыту және жетілдіру;
- осы АТҚМЖ саясатын мерзімді өзектендіруді және оның барлық мүдделі тараптарға қолжетімділігін қамтамасыз ету.

«ЕФК» АҚ Басқарма төрағасы



Г.В. Плетников

Енгізу күні: 16 сәуір 2020 жыл